

«Қостанай облысы білім және ғылым ұйымдары қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ

«Жұмыскерге кепілдіктер мен өтемақы төлемдері» кәсіподақ ақпараттық бюллетені

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі-ҚР ЕК) сәйкес

- 1) **кепілдіктер** – жұмыскерлерге әлеуметтік-еңбек қатынастары саласында берілген құқықтардың жүзеге асырылуы олардың көмегімен қамтамасыз етілетін құралдар, тәсілдер мен жағдайлар (ҚР ЕК 1-бабы 1-тармағы 52-т.);
- 2) **өтемақы төлемдері** – жұмыстың ерекше режимі мен еңбек жағдайларына, жұмысынан айырылуына, жұмыскерлерге еңбек міндеттерін немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындауына байланысты шығындарды өтеуге байланысты ақшалай төлемдер, сондай-ақ жұмыскерлерді немесе еңбек қатынастарында тұрмайтын өзге адамдарды (бұдан әрі – білім алушы) кәсіптік даярлаумен, қайта даярлаумен және біліктілігін арттырумен байланысты төлемдер (ҚР ЕК 1-бабы 1-тармағы 69-т).

Кепілдіктер мен өтемақы төлемдері әртүрлі заңнамалық актілермен келісілген, бірақ негізгілері ҚР ЕК белгілеген. Сондай-ақ қосымша кепілдіктер мен өтемақы төлемдері әлеуметтік әріптестік туралы келісімде, ұжымдық шартта көзделуі мүмкін.

Кепілдіктер жұмыскердің құқықтарына қатысты қауіпсіздік функциясын орындайды.

Негізгі кепілдіктер мен өтемақы төлемдері «Жұмыскерге кепілдіктер мен өтемақы төлемдері» кәсіподақ ақпараттық бюллетеніне № 1 қосымшада көрсетілген.

№ 1 қосымша

«Жұмыскерге кепілдіктер мен өтемақы төлемдері» кәсіподақ ақпараттық бюллетені

№ р/р	Кепілдіктер немесе өтемақы төлемдерінің атауы	Нормативтік – құқықтық акт не құқықтық акт (Келісім, ұжымдық шарт)	Қысқаша мазмұны
Еңбек шартын жасасу кезіндегі кепілдіктер			
1	Еңбек шартын жасасу кезіндегі құқықтар мен мүмкіндіктердің теңдігіне кепілдік	ҚР ЕК 25 бабы.	1. Еңбек шартын жасасу кезінде құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігін бұзуға тыйым салынады. 2. Жүктілік, 3 жасқа дейінгі баланың болуы, кәмелетке толмағандар, мүгедектік еңбек шартын жасасу құқығын шектемейді.
2	Сынақ мерзімін белгілемей кепілдігі	Келісім 2,4 тармақ	Жұмыс қабылданған жағдайда төмендегі санаттағы қызметкерлерге сынақ мерзімі белгіленбейді. -мүгедектер; -жас мамандар; - педагог-шебердің, педагог-зерттеуші біліктілік санаты бар педагогтар; - маусымдық қызметкерлерге.
Ұжымдық келіссөздер жүргізу кезіндегі кепілдіктер			
3	Ұжымдық келіссөздер жүргізу кезіндегі кепілдіктер	ҚР ЕК 20 б. 1 т.	Егер аталған ұйымда кәсіподақ құрылған болса, жұмыс беруші мен жұмыскердің арасында ұжымдық келіссөздер кәсіподақтың қатысуынсыз ұжымдық келіссөздер жүргізуге жол берілмейді.

Еңбекақы төлеу саласындағы кепілдіктер			
4	Айлық жалақы төлемінің ең төменгі мөлшеріне кепілдік	ҚР ЕК 204 б., 3т.	Бірінші разрядты жұмыскердің еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарында және (немесе) жұмыс берушінің актілерінде көзделген айлық жалақысының ең төмен мөлшері немесе айлық тарифтік мөлшерлемесінің мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген айлық жалақының ең төмен мөлшерінен кем болмауға тиіс.
5	Үстеме уақыттағы жұмысы үшін төлем кепілдігі	ҚР ЕК 108 б.	Еңбекке уақыт бойынша ақы төлеу кезінде үстеме уақыттағы жұмысқа еңбек немесе ұжымдық шарттардың және (немесе) жұмыс беруші актісінің талаптарына сәйкес жоғарылатылған мөлшерде, бірақ жұмыскердің күндік (сағаттық) тарифтік мөлшерлемесі негізге алына отырып, бір жарым еседен төмен болмайтын мөлшерде ақы төленеді. Тараптардың келісімі бойынша үстеме жұмысқа үстеме жұмыстың бір сағаты үшін тынығуға кемінде бір сағат беру есебімен тынығу сағаттарын ұсынуға жол беріледі.
6	Мереке және жұмыс күндеріндегі жұмысы үшін төлем кепілдігі	ҚР ЕК 109 б.	Мереке және демалыс күндеріндегі жұмысқа ақы төлеу еңбек немесе ұжымдық шарттардың және (немесе) жұмыс беруші актісінің талаптарына сәйкес жоғарылатылған мөлшерде, бірақ жұмыскердің күндік (сағаттық) мөлшерлемесі негізге алына отырып, бір жарым еседен төмен болмайтын мөлшерде жүргізіледі.
7	Түнгі уақыттағы жұмысы үшін төлем кепілдігі	ҚР ЕК 110 б.	Түнгі уақыттағы жұмыстың әрбір сағатына еңбек немесе ұжымдық шарттардың және (немесе) жұмыс беруші актісінің талаптарына сәйкес жоғарылатылған мөлшерде, бірақ жұмыскердің күндік (сағаттық) мөлшерлемесі негізге алына отырып, бір жарым еседен төмен болмайтын мөлшерде ақы төленеді. Түнгі жұмыс уақыты мереке немесе демалыс күніне тура келген кезде еңбекке ақы төлеу осы баптың бірінші бөлігіне сәйкес түнгі сағаттарға және осы Кодекстің 109-бабына сәйкес мереке немесе демалыс күндерінің сағаттарына жеке жүргізіледі.
8	Жұмыскердің жалақысынан ұстап қалу мөлшерін шектеу кепілдігі	ҚР ЕК 115 б. 3.	Бірнеше атқарушылық парақтары бойынша жалақыдан ұстап қалу кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында және Кодекстің 115 бабында көзделген жағдайларда, ай сайынғы ұстап қалудың мөлшері жұмыскерге тиесілі жалақының елу пайызынан аспауға тиіс.

9	Тарифтеумен белгіленген педагогтердің жалақы көлемінің кепілдігі	Келісім тармағы 6.10.	Тарифтеу кезінде белгіленген айлық жалақы жылдың әртүрлі айларындағы апталар мен жұмыс күндерінің санына қарамастан, тарифтеудің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін тұрақты болып қалады.
10	Бос тұрып қалу уақытына төлем кепілдігі	ҚР ЕК 112 б.	Жұмыс берушіге және жұмыскерге байланысты емес себептер бойынша бос тұрып қалуға ақы төлеу жалақының ең төмен мөлшерінен кем болмайтын мөлшерде, ал жұмыс берушінің кінәсінен болғанда – жұмыскердің орташа жалақысының кемінде елу пайызы мөлшерінде белгіленеді. Жұмыскердің кінәсінен жол берілген бос тұрып қалу уақытына ақы төленбеуге тиіс.
11	Жалақы төлеудің тәртібі мен мерзімдері бойынша кепілдіктер	ҚР ЕК 113 б. 1 т.	Жалақы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ақшалай нысанда белгіленеді және келесі айдың бірінші онкүндігінен кешіктірілмей айына бір реттен сиретпей төленеді. Жалақы төленетін күн еңбек, ұжымдық шарттарда көзделеді. Жалақы төленетін күн демалыс немесе мереке күндеріне тура келген кезде төлем олардың қарсаңында жүргізіледі.
		ҚР ЕК 113б. 2т.	Жалақы төлеу кезінде жұмыс беруші әрбір жұмыскерге тиісті кезең ішінде оған тиесілі жалақының құрамдас бөліктері, жүргізілген ұстап қалулардың мөлшерлері мен негіздері туралы, оның ішінде ұстап қалынған және аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы, сондай-ақ төленуге тиісті жалпы ақша сомасы туралы мәліметтерді жазбаша немесе электрондық нысанда ай сайын хабарлауға міндетті.
		ҚР ЕК 113б. 3т.	Жұмыс беруші жалақыны толық көлемде және еңбек, ұжымдық шарттарда белгіленген мерзімдерде төлемеген кезде жұмыс беруші Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады. Жұмыс беруші жұмыскерге берешек және төлем кідірілген кезең үшін өсімпұл төлейді. Өсімпұл мөлшері жалақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1,25 еселенген базалық мөлшерлемесі негізге алына отырып есептеледі және төлем жүргізілуге тиісті келесі күннен басталып, төлем жасалған күнмен аяқтала отырып, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін есепке жазылады.
Демалысқа кепілдік			

12	Еңбек демалысының ең төменгі мөлшеріне кепілдік	ҚР ЕК 88 б.	Жыл сайынғы негізгі ақылы еңбек демалысының ең төменгі мөлшері-күнтізбелік жиырма төрт күн.
13	Ақы төленетін қосымша еңбек демалысына кепілдік	<p>ҚР ЕК 89 б.</p> <p>Келісімнің тармағы 5.2.4</p> <p>Келісімнің тармағы 5.2.5</p> <p>Келісімнің тармағы 5.2.6</p>	<p>Жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалыстары беріледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлерге, кәсіптер мен лауазымдардың <u>тізіміне</u> сәйкес зақтығы кемінде күнтізбелік алты күн - бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға ұзақтығы кемінде күнтізбелік алты күн <p>Қызметкерлерге жақын туыстарының (ата-анасы, баласы, қызы, бауырлары, жұбайы, зайыбы, атасы, енесі) қазасына байланысты, олардың жазбаша өтініштері бойынша сәйкес құжаттар негізінде бес күнге дейін ақылы демалыс беру.</p> <p>Қызметкерлерге олардың өтініштері бойынша үйлену тойлары болған жағдайда үш күнге дейінгі ақылы еңбек демалысын беру.</p> <p>Келесі қызметкерлерге ақылы еңбек демалысын үш күнге дейін көбейтіледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - аудандық, қалалық (мектептік) әдістемелік бірлестіктердің басшылары; - техникалық және кәсіптік білім берудің әдістемелік бірлестіктері; - бас есепшілер; бухгалтерлер. - бас экономистерге, экономистерге - мемлекеттік сатып алулар жөніндегі менеджерлерге (мамандарға) - кітапханашыларға - медицина қызметкерлеріне

	Келісімнің тармағы	5.2.7	<p>Келесі оқу орындарында тәлімгерлік үшін ақылы еңбек демалысы үш күнге дейін ұлғайтылды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне; - техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы өндірістік оқыту шеберлері мен оқытушыларына; - жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың тәрбиешілері; - психологиялық-педагогикалық түзету және психологиялық-медициналық педагогикалық консультация кабинеттеріндегі арнайы тәрбиешілерге (мұғалім-логопед; мұғалім дефектолог; олигофренопедагог және т.б.); - қосымша білім беру ұйымдарындағы қосымша білім беру мұғалімдері үшін.
	Келісімнің тармағы	5.10	<p>Бір ұйымда жұмыс істейтін ерлі-зайыптыларға бір мезгілде демалысқа шығу құқығы беріледі. Егер олардың біреуі ұзағырақ демалысқа ие болса, екіншісі жалақыны сақтамай демалыс күндерінің тиісті санын ала алады.</p>
	Келісімнің тармағы	5.11	<p>Оқу жылы ішінде бірде-бір рет еңбекке уақытша жарамсыздық парағы болмаған қызметкерге күнтізбелік үш күн мөлшерінде қосымша ақылы демалыс белгіленеді.</p>
	Келісімнің тармағы	5.13	<p>Кәсіподақ комитетінің босатылмаған төрағасы болып табылатын қызметкеріне күнтізбелік бес күн санында қосымша ақылы демалыс белгіленеді.</p>
	Келісімнің тармағы	5.23	<p>Санитарлық ережелерде көзделгеннен жоғары толымдылығы бар сыныпта, топта жұмыс істейтін қызметкерге күнтізбелік үш күн мөлшерінде қосымша ақылы еңбек демалысы белгіленсін.</p>

		Келісімнің тармағы	5.24	Жұмыс беруші жұмыс орнын (лауазымын) және орташа жалақысын сақтай отырып, педагогке ПББ өту үшін демалыс беруге (педагогтың білімін бағалау) міндетті.
		Келісімнің тармағы	5.25	Сыныпта немесе топта инклюзивті оқитын немесе тәрбиеленетін балалар болған кезде Педагог күнтізбелік үш күн санында қосымша ақылы демалыс алуға құқылы
		Келісімнің тармағы	5.15	Жұмыс беруші қызметкерге жұмыс орнын (лауазымын) және орташа жалақысын сақтай отырып, скринингтік зерттеулерден өту үшін демалыс беруге міндетті.
14	Әлеуметтік демалыс кепілдіктері	ҚР ЕК 87 б.		<ol style="list-style-type: none"> 1) жалақы сақталмайтын демалыс; 2) оқу демалысы; 3) жүктілікке және бала (балаларды) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс; 4) бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс; 5) бір жыл ішінде үш жұмыс күнінен аспайтын көлемде скринингтік зерттеулерден өтуге арналған демалыс; 6) кемінде үш жұмыс күні көлемінде он екі аптаға дейін жүктілігі бойынша медициналық есепке қоюға арналған демалыс.

15	Ақы төленетін оқу демалысына кепілдік	Келісімнің тармағы 3.5	Жұмыс беруші біліктілігі орташа деңгейдегі қызметкерлерге, егер олар жоғары оқу орындарында оқитын болса, және біліктілігі жоғары деңгейдегі қызметкерлерге, егер олар атқаратын лауазымына сәйкес келетін мамандық бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқитын болса, біліктілігін арттыру тәртібімен оқу демалысын төлеуге міндеттенеді.
16	Педагогтерге демалыс кепілдіктері	ҚР «Педагог мәртебесі туралы» заңының 12 б. Келісімнің тармағы 5.2.1	Педагогтерге ұзақтығы 56 күнтізбелік күн жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына кепілдік беріледі. Жұмысқа тамыз айынын бастап қазан айы аралығында қабылданған педагогтерге оқу жылының аяқталуы бойынша бірінші еңбек жылы үшін ақылы еңбек демалысы жазғы кезеңде толық көлемде беріледі.
Еңбек шартты бұзу кезіндегі кепілдіктер мен өтемақылар			
17	Зейнеткерлік жасқа толуына екі жылдан аз қалған жұмыскерлерге кепілдік	ҚР ЕК 53 б.	Зейнеткерлік жасқа толуына екі жылдан аз қалған жұмыскерлермен еңбек шартын бұзуға жол берілмейді. - жұмыскерлер саны немесе штаты қысқартылған; - аттестаттау нәтижелерімен расталған біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан жұмыскер атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеген;
18	Еңбекке уақытша жарамсыздық парағындағы жұмыскерлер үшін кепілдіктер	ҚР ЕК 54 б.	ҚР ЕК 52-бабы 1-тармағының <u>1), 18) 20)</u> және <u>23)</u> тармақшаларында, 1-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыскердің еңбекке уақытша қабілетсіздігі және демалыста жүрген кезеңінде жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзуға жол берілмейді.
19	Жүкті әйелдермен, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдер (және де басқа санаттар) үшін кепілдіктер	ҚР ЕК 54 б.	Жұмыс берушіге жүктілік туралы анықтаманы ұсынған жүкті әйелдермен, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдермен, он төрт жасқа дейінгі баланы (он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланы) тәрбиелеп отырған жалғыздікті аналармен, аталған балалар санатын анасыз тәрбиелеп отырған өзге де адамдармен жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзуға мына негіздер бойынша жол берілмейді: - жұмыскерлер саны немесе штаты қысқартылған;

			<p>- жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндіріс, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі төмендеген;</p> <p>-</p>
20	Штаттарды қысқарту және ұйымды тарату кезіндегі Жергілікті кәсіподақ мүшелеріне кепілдіктер	Келісімнің тармағы 4.1.2	ҚР ЕК 52 бабының 1т. 1 және 2 т.т. сәйкес (жұмысшылар немесе штат санының қысқаруы, ұйымның таратылуы) жұмыстан босатылуы туралы хабарлама алған тұлғаларға, өз бетінше жаңа жұмыс іздеу үшін, жұмыстан бос уақытта, аптасына 5 сағаттан кем болмайтын жалақысы сақталатын уақыт беріледі.
		Келісімнің тармағы 4.2.5	Қызметкерлер саны немесе штаты қысқарған кезде: бір уақытта бір отбасының мүшелері болып табылатын 2 қызметкерді жұмыстан шығаруға жол бермеу.
21	Пайдаланбаған еңбек демалыстары үшін өтемақылар	ҚР ЕК 96 б. 2 т.	Еңбек шарты тоқтатылған кезде жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын (жыл сайынғы еңбек демалыстарын) пайдаланбаған немесе толық пайдаланбаған жұмыскерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының (жыл сайынғы еңбек демалыстарының) пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемі жүргізіледі.
22	Штаттарды қысқарту және ұйымды тарату кезіндегі өтемақы	ҚР ЕК 131 б. 1 т.	Өтемақы мөлшері - бір айдағы орташа жалақы мөлшерінде
23	Зейнеткерлік жасқа толуына байланысты жұмыскермен еңбек шартын бұзу кезіндегі өтемақы	ҚР ЕК 53 б. 9т.	Өтемақы мөлшері еңбек, ұжымдық шарттарда және (немесе) жұмыс берушінің актісінде айқындалатын мөлшерде айқындалады
Жұмыс уақытын белгілеу кезіндегі кепілдіктер			
24	Жұмыс уақытының қалыпты уақытына кепілдік	ҚР ЕК 68 б.	Жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс.

27	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау кепілдіктері	ҚР ЕК 182 б.	1. Жұмыскерге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқау беру және олардың білімін тексеру; 2. Жұмыскерлер үшін санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасау; жұмыскерлердің арнайы киімдері мен аяқ киімдерін беру және жөндеу, жұмыскерлерді жуу және дезинфекциялау құралдарымен, медициналық қобдишамен жабдықтау; 3. Әйелдердің өздері үшін белгіленген шекті нормалардан асатын ауырлықтарды қолмен көтеруіне және орнын ауыстыруына жол бермеу; 4. Міндетті мерзімді медициналық тексерулер жүргізу.
Азаматтық қызметшілер үшін кепілдіктер			
28	30 күнтізбелік күн санындағы еңбек демалысына кепілдік	ҚР ЕК 139 б. 10 т.	Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын азаматтық қызметшілерге ұзақтығы күнтізбелік отыз күннен кем болмайтын жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысы беріледі.
29	Еңбек демалысына шығу кезіндегі сауықтыру жәрдемақысын төлеуге кепілдік	ҚР ЕК 139 б 10 т.	Азаматтық қызметшілерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын берген кезде сауықтыруға арналған жәрдемақы күнтізбелік жылда бір рет төленеді.
Жұмыскерлердің дербес деректерін қорғауға кепілдіктер			
30	Жұмыскердің дербес деректерін қорғауға кепілдік	ҚР ЕК 23 б. 2 т. 24-т.	Жұмыс беруші жұмыскердің дербес деректерін Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес жинақтауды, өңдеуді және қорғауды жүзеге асыруға міндетті;
Әлеуметтік жәрдемақыға кепілдіктер			
31	Еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша төлемге кепілдік	ҚР ЕК 133 б. 1т.	Жұмыс беруші өз қаражаты есебінен жұмыскерлерге еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеуге міндетті.
32	Жүктілік және босану бойынша демалысқа шығу кезінде табысын жоғалтпау кепілдігі	Келісімнің 7.10 тармағы	Егер қызметкердің жүктілігі және босануы бойынша демалысқа шыққан кезде ай сайынғы табысы Қазақстан Республикасының Міндетті әлеуметтік аударымдар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген мөлшердегі әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін ай сайынғы табысынан асып кеткен жағдайда, бұл қызметкердің

			табысынан айырылу болып табылады, онда жұмыс беруші көрсетілген кірістер арасындағы айырманы төлейді.
Басқа кепілдіктер мен өтемақы төлемдері			
33	Жұмыскерлердің мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындауы кезіндегі кепілдігі және өтемақысы	ҚР ЕК 124 б.	Жұмыскерге мемлекеттік және қоғамдық міндеттерді орындағаны үшін жалақы көрсетілген міндеттерді орындайтын жері бойынша, бірақ жұмыс орнындағы орташа жалақысынан төмен болмай төленеді.
34	Медициналық тексеруден өту кезіндегі кепілдіктер	ҚР ЕК 125 б.	Осы Кодекске не ұжымдық шартқа сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен мерзімдік медициналық қарап-тексеруден өтуге міндетті жұмыскерлердің олардан өткен уақытта жұмыс орны (лауазымы) мен орташа жалақысы сақталады.
35	Донор болып табылатын жұмыскерлер үшін кепілдіктер	ҚР ЕК 126 б.	Донор болып табылатын жұмыскердің тексерілу және қан мен оның компоненттерін донациялау уақытында жұмыс орны (лауазымы) мен орташа жалақысы сақталады.
36	Іссапарларға жіберілетін қызметкерлер үшін кепілдіктер мен өтемақы төлемдері	ҚР ЕК 127 б.	<p>1. Іссапар уақытында жұмыскердің жұмыс орны (лауазымы) мен іссапар күндеріне келетін жұмыс күндері үшін жалақысы сақталады.</p> <p>2. Іссапарларға жіберілетін жұмыскерлерге:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) іссапарда болған күнтізбелік күндері үшін, оның ішінде жолдағы уақыты үшін тәуліктік төлемдер; 2) баратын жеріне дейінгі және кері қайтқандағы жол жүру шығыстары; 3) тұрғын үй-жайды жалға алу шығыстары төленеді. <p>3. Егер медициналық көрсетілімдер бойынша он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің, жүкті әйелдердің, сондай-ақ мүгедектігі бар жұмыскерлердің мұндай жұмысына тыйым салынбаған болса, оларды іссапарға жіберуге жол беріледі. Бұл ретте аталған жұмыскерлер іссапарға барудан бас тартуға құқылы.</p>

			4. Үш жасқа дейінгі балалары бар жұмыскерлер, егер медициналық қорытынды негізінде мүгедектігі бар балалар не отбасының науқас мүшелері тұрақты күтімнің жүзеге асырылуына мұқтаж болса, отбасының науқас мүшелеріне күтімді жүзеге асыратын не мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған жұмыскерлер іссапарға барудан бас тартуға құқылы.
37	Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін педагогтерге кепілдіктер	ҚР «Педагог мәртбесі туралы» заңының 12 б.	Ауылдық елді мекенде кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогке: 1) қала жағдайында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің ставкаларымен салыстырғанда айлықақылар мен тарифтік ставкалар кемінде жиырма бес пайызға арттырылып белгіленеді; 2) бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсетіледі. 3) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін көтерме жәрдемақы және әлеуметтік қолдау көрсетіледі.
38	Кәсіподақ органдарына сайланбалы лауазымдарға сайланған жұмыскерлерге кепілдік	Келісімнің 9.5.1 тармағы	Кәсіподақ органдарының сайланбалы лауазымдарына сайланған (жіберілген) қызметкерлерге, олардың сайланбалы өкілетті мерзімі аяқталғаннан кейін бұрынғы жұмысы (лауазымы), ал ол болмаған жағдайда қызметкердің келісімі негізінде, сол немесе басқа білім беру ұйымынан сәйкес жұмыс (лауазым) беріледі.
39	Жергілікті кәсіподақ мүшелеріне еңбек қатынастары мәселелері бойынша тегін заңгерлік кеңес беру кепілдігі	Келісімнің 10.15 тармағы	Жергілікті кәсіподақ, кәсіподақ мүшесі жүгінген жағдайда, қызметкерлерге еңбек қатынастары мәселелері бойынша тегін заңгерлік кеңес береді.
40	Жергілікті кәсіподақ мүшелерінің еңбек құқықтарын қорғау кепілдігі	Келісімнің 10.7 тармағы	Кәсіподақ мүшелерінің еңбек құқықтарын келісу комиссиясында және сотта өкілдік етеді және қорғайды

--	--	--	--

«Қостанай облысы білім және ғылым ұйымдары қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» АҚ